

Бекітемін  
Бас директор  
ЖШС «РауанТех»  
Ажғалиев Б.У.

«12» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.



**Құпиялылық саясаты**



## Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	3
2. ЖШС құпия ақпараты .....	3
3. Құпия ақпаратты қорғау .....	4
4. Құпия ақпаратты қолдану және ұсыну тәртібі .....	4
5. Қорытынды ережелер .....	5

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Күпиялылық туралы осы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес «РауанНТех» ЖШС-де (бұдан әрі – «ЖШС») күпия ақпаратты қорғаумен және қолданумен байланысты қарым-қатынастарды реттейді.

1.2. ЖШС экономикалық және құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күпия ақпаратты қорғаудың мақсаты болып табылады.

1.3. ЖШС жеке қарауы бойынша заңмен тыйым салынбаған кез келген әдіспен күпия ақпаратты қолдануға айрықша құқыққа ие.

1.4. Осы Саясатқа сәйкес ЖШС күпия ақпаратты қорғау және оларға үшінші тұлғалардың қолжетімділігін шектеу бойынша шараларды қабылдайды.

1.5. Өз қызметіне байланысты ЖШС-ке ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік күпияны құрайтын мәліметтер белгілі болатын болса, мемлекеттік күпия туралы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ЖШС оларды қорғау бойынша шараларды қабылдауға міндетті.

1.6. Осы Саясаттың күші ЖШС-нің барлық құрылымдық бөлімшелеріне, соның ішінде оқшауланған филиалдар мен өкілдіктерге, таралады.

## 2. ЖШС күпия ақпараты

2. Күпия ақпаратқа коммерциялық, қызметтік, банктік және салықтық күпиялар жатады.

2.1. ЖШС **коммерциялық** ақпаратына төмендегілер жатады:

- ЖШС бухгалтерлік есебінің бастапқы есеп құжаттарының деректері;
- ЖШС бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің мазмұны;
- ЖШС ішкі бухгалтерлік есептілігінің мазмұны;
- ЖШС-мен жасалатын және жасалған мәмілелер, соның ішінде шарттар, олардың мәні, мазмұны, бағасы мен олардың басқа елеулі талаптары;
- Кредиттік ұйымдарда ашылған есептік және басқа, соның ішінде шетел валютасындағы, шоттар, осы шоттар бойынша қаражаттың қозғалысы және осы шоттардағы қаражат қалдықтары туралы мәліметтер, банктардағы, соның ішінде шетел валютасындағы, салымдар туралы мәліметтер (банк күпиясы);
- Өндіріс күпиялары (ноу-хау) және өндірістік күпияны құрайтын басқа ақпарат;
- Осы рәсімге сәйкес коммерциялық күпияға жатқызылған басқа мәліметтер.

2.2. Осы Саясаттың 2.1. тармағында көрсетілген ақпаратты ЖШС коммерциялық күпиясын құрайтын ақпаратқа жатқызу осы Саясаттан басқа кандай да бір өзге актілердің шығарылуын талап етпейді.

2.3. Кез келген мәліметтер, соның ішінде ЖШС қызметкеріне өзіне жүктелген еңбек міндеттерін орындау барысында белгілі болған қызметтік хат алмасудағы, телефон арқылы сөйлесулердегі, пошта жөнелтілімдеріндегі, телеграфтық және электр мен пошта байланысының желілері бойынша тасымалданатын басқа хабарламалардағы мәліметтер ЖШС **қызметтік** күпиясын құрайды.

2.4. Банк шоты мен банк салымының жағдайы, шот бойынша операциялар және клиент туралы мәліметтер **банктік** күпияны құрайды. Банктік күпияны құрайтын мәліметтер тек ЖШС-ке немесе оның өкілдеріне ұсынылуы мүмкін. Мемлекеттік органдарға және оның лауазымды тұлғаларына мұндай мәліметтер тек заңмен көзделген тәртіпте және жағдайларда ұсынылуы мүмкін.

2.5. Салық органдарына, мемлекеттік бюджеттік емес қорлардың органдарына және кеден органдарына ЖШС туралы берілген мәліметтер **салықтық** күпияны құрайды.

2.6. Заңнамаға сәйкес коммерциялық күпияға жатқызылмайтын ақпаратты қоспағанда, кез келген басқа ақпарат ЖШС Бас директорының шешімі бойынша коммерциялық күпияға жатқызылуы мүмкін және әр нақты жағдайда ЖШС Бас директорының бұйрығын шығару

арқылы жүзеге асырылады. Қандай да бір ақпаратты ЖШС коммерциялық құпиясына жатқызу туралы Бас директордың бұйрығын шығару бастамасы ЖШС қатысушыларының, ЖШС құрылымдық бөлімшелері басшыларының, ЖШС оқшауланған құрылымдық бөлімшелері басшыларының, ЖШС контрагенттерінің тарапынан болуы мүмкін.

2.7. ЖШС өзі жариялаған немесе оның келісімі бойынша жарияланған ақпарат, сонымен қатар ҚР заңнамасына сәйкес құпия ақпаратқа жатқызылмайтын және ҚР заңнамасына сәйкес қолжетімділікке шектеуге жол берілмейтін ақпарат құпияға жатпайды.

### **3. ЖШС құпия ақпаратын қорғау**

3.1. ЖШС құпия ақпаратын қорғау құпия ақпаратқа үшінші тұлғалардың қолжетімділігін шектеуге, құпия ақпараттың рұқсат етілмеген жариялануының алдын алуға, ЖШС құпия ақпараты режимінің бұзылуын анықтауға, ЖШС құпия ақпараты режимі бұзылуының алдын алуға, ЖШС құпия ақпараты режимін бұзатын тұлғаларды белгіленген жауапкершілікке тартуға бағытталған шаралар кешенін қамтиды.

3.2. Қызметкердің қызметтік және коммерциялық құпия режимін сақтау шарты ЖШС қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарының міндетті шарты болып табылады.

3.3. Жұмысқа қабылдау кезінде ЖШС-тің әр қызметкері қызметтік және коммерциялық құпия режимін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы Танысу парағына қол қоя отырып Күпиялылық саясатымен танысады.

3.4. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары кемінде тоқсанына бір рет тікелей өзіне бағынысты қызметкерлердің арасында қызметтік және коммерциялық құпия режимін сақтау бойынша нұсқама өткізуге міндетті.

3.5. Кез келген уәкілетті тұлғалардың тұлғасында ЖШС жасайтын шарттарда контрагенттердің құпиялылықты сақтауы туралы шарт болуы керек.

3.6. ЖШС-тің жұмыс және басқа үй-жайларында үшінші тұлғалардың құпия ақпаратқа қолжетімділігін және құпия ақпараттың рұқсат етілмеген жариялануын шектейтін жағдайлар жасалады, соның ішінде ақпаратқа рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғайтын техникалық құралдар (құжаттарды сақтауға арналған сейфтер мен металл жәшіктер және т.б.) орнатылады.

3.7. ЖШС-мен күзет қызметін көрсету туралы шартқа және ҚР заңнамасына сәйкес әрекет ететін күзет компаниясымен ЖШС-те жасалған шарт болуы керек.

3.8. ЖШС құпия ақпараты режимінің бұзылу фактілерін анықтау бойынша шараларды ЖШС қолданады.

3.9. ЖШС құпия ақпараты режимінің анықталған бұзушылықтарының алдын алу бойынша ЖШС заңмен рұқсат етілген барлық әдістерді қолданады.

3.10. ЖШС құпия ақпараты режимін бұзуға кінәлі тұлғалар белгіленген жауапкершілікке тартылады.

### **4. Құпия ақпаратты қолдану және ұсыну тәртібі**

4.1. Орындалатын қызметіне байланысты құпия ақпаратқа қолжетімділік қажет болатын ЖШС қызметкерлеріне ғана ЖШС құпия ақпаратын қолдануға рұқсат беріледі.

4.2. ЖШС Бас директорының рұқсатымен ғана ЖШС құпия ақпараты үшінші тұлғаларға ұсынылуы мүмкін.

4.3. Құрылтай құжаттарына сәйкес ЖШС жылдық бухгалтерлік есептілікті қатысушыларға, сонымен қатар тіркелу орны бойынша мемлекеттік статистиканың аумақтық органдарына ұсынады. Атқарушы биліктің басқа органдарына, банктар мен басқа пайдаланушыларға бухгалтерлік есептілік ҚР заңнамасына сәйкес ұсынылады.

4.4. Құпия ақпаратты ұсынудың басқа жағдайлары ҚР қолданыстағы заңнамасымен көзделген.

### **5. Қорытынды ережелер**



5.1. ЖШС құпия ақпараты режимін бұзуға кінәлі тұлғалар белгіленген тәртіпте қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылады.

5.2. Осы Саясатпен реттелмеген барлық басқа жағдайларда ҚР қолданыстағы заңнамасының ережелері қолданылады.